

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 440 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы N 31 қаңтардағы N 25 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 5 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2191. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 305 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Төраға

К ү ш і ж о й ы л д ы д е п т а н ы л ғ а н
нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

22. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 440 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысына толықтыру енгізу туралы" 2003 жылғы 3 қаңтардағы N 25 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2191 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" N 5 басылымдарында 2003 жылғы 24 ақпанда - 9 наурызда жарияланған)...

Қазақстан Республикасының банк заңдарын жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші

деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 440 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 1997 жылғы 10-15 ақпанда жарияланған, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 31 наурыздағы N 89, 1997 жылғы 30 сәуірдегі N 135, 1997 жылғы 15 қазандағы N 375, 1997 жылғы 4 желтоқсандағы N 411, 1997 жылғы 30 желтоқсандағы N 470, 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 339, 1999 жылғы 7 қазандағы N 316, 2000 жылғы 11 қыркүйектегі N 338, 2001 жылғы 31 наурыздағы N 77, 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 567, 2002 жылғы 10 қазандағы N 407 қаулыларымен бекітілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ережеде:

9-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы Ереженің 8-тармағы 11) тармақшасының нормасы Ұлттық Банк Басқармасының Іс-шаралар жоспарын қайта бекітуін талап етпейді."

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі б а н к т е р г е ж і б е р с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы